**Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 25 маусымдағы N 790 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 29 наурыздағы N 410 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 5 тамыздағы № 796 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 05.08.2013 № 796 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Республикалық мемлекеттік кәсіпорындардың тізбесі туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 25 маусымдағы N 790 P960790_ қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1996 ж., N 29, 256-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Республикалық мемлекеттік кәсіпорындардың тізбесіндегі:

"Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігі" бөліміндегі:

"109-9 Түсті металлургия кәсіпорындарының техникалық қауіпсіздігі жөніндегі ғылыми-зерттеу орталығы Өскемен қаласы

109-10 Қара металлургия кәсіпорындарының техникалық қауіпсіздігі жөніндегі ғылыми-зерттеу орталығы Қарағанды қаласы

109-11 Мұнай-газ өнеркәсібіндегі, мұнай және газ бойынша геологиядағы техникалық қауіпсіздік жөніндегі ғылыми-зерттеу орталығы Атырау қаласы"

деген жолдар мынадай редакцияда жазылсын:

"109-10 "Түсті металлургия кәсіпорындарының техникалық қауіпсіздігі жөніндегі ғылыми-зерттеу орталығы" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны Өскемен қаласы

| | | |
|---|---|---|
| 109-11 | "Қара металлургия кәсіпорындарының техникалық қауіпсіздігі жөніндегі ғылыми-зерттеу орталығы" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны | Қарағанды қаласы |
| 109-12 | "Мұнай-газ өнеркәсібіндегі, мұнай және газ бойынша геологиядағы техникалық қауіпсіздік жөніндегі ғылыми-зерттеу орталығы" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны | Атырау қаласы"; |

мынадай мазмұндағы реттік нөмірлері 109-13, 109-14, 109-15-жолдармен толықтырылсын:

| | | |
|---|---|---|
| "109-13 | Қазақ мемлекеттік тау-кен өнеркәсібіндегі жұмыстардың қауіпсіздігі жөніндегі ғылыми-зерттеу институты" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны | Қарағанды қаласы |
| 109-14 | "Химия, мұнай химиясы, мұнай өңдеу, микробиология, химиялық-фармацевтикалық және тамақ өнеркәсібі қауіпсіздігінің проблемалары жөніндегі республикалық ғылыми-зерттеу орталығы" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны | Шымкент қаласы |
| 109-15 | "Қазақстан Республикасы тау-кен құтқарушыларының ғылыми-инженерлік орталығы" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны | Қарағанды қаласы". |

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК